



**БҰЙРЫҚ**

2025. 29. 08

Сәтбаев қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 159

город Сатпаев

**Сәтбаев қаласының  
жалпы білім беретін  
мектептері оқушыларын  
тегін ыстық тамақпен  
қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы № 598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» және Ұлытау облысы білім басқармасының 2025 жылғы 29 тамызындағы № 316-н «Ұлытау облысының білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы» бұйрықтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сәтбаев қаласының білім мекемелерінің басшыларына:

1) 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен көзделген бюджет қаражат шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақтану құны жас ерекшеліктеріне 6 (7) -10 жас - ҚҚС қосқанда 707 теңге, 11-14 жас- ҚҚС қосқанда 773 теңге және 15-18 жас – ҚҚС қосқанда 845 теңге болып бекітілген тамақтану құны басшылыққа алынсын;

2) Білім беру ұйымдары Ұлытау облысының Денсаулық сақтау басқармасының 2025 жылғы 31 шілдедегі №137 «2025-2026 оқу жылына арналған перспективалық

мектеп мәзірін бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген үлгілік перспективалық мектеп мәзірі қолданылсын;

3) Балалардың жас ерекшеліктері мен физиологиялық қажеттіліктеріне сай бекітілген тамақтану стандартына сәйкес толыққанды және құнарлы тамақпен қамтамасыз етілсін.

4) Дайындалатын астың сапасына жүйелі мониторинг жүргізіліп, ыстық тамақтануды ұйымдастыру туралы ақпарат білім мекемесінің интернет – ресурсындағы «Мектептің тамақтандыру» айдарына орналастырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Басшы**



**Б.Акишбеков**